«ҰЛТ.РУХ»
қоғамдық бірлестігі

Общественное объединение
«ҰЛТ.РУХ»

____09.09.2021__ _№_1_____
_____

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесіне

Шағым

2021 жылғы 12 тамыз күнгі №6172048-1 нөмірлі хабарландыруымен мемлекеттік сатып алу вебпорталында №39373102-ГС33 лотын, лот атауы: «Республикалық газеттерде және интернет сайттарында дін саласындағы мемлекеттік саясатты насихаттау, дәстүрлі құндылықтарымызды насихаттау және діннің өзекті мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу (жарияланбаған 200 мақала болу тиіс)» Шымкент қаласы дін істері басқармасы жариялаған болатын.

Лотқа бекітілген техникалық ерекшеліктер бұрынғы жылдарға қарағанда күшейтіліп, дін саласының өзектілігіне жоғары талап қойылып, үлкен мән берілген, яғни тапсырыс беруші үкіметтік емес ұйымдардың дін саласына қатысты миссиясына қарай (бейімділігіне) аса назар аударған.

Аталған мемлекеттік **мекеме конкурсты ұйымдастыру мен қорытынды хаттамасын шығару барысында өрескел кемшіліктерді көруге болады.**

Әлеуетті өнім берушінің пайымдауынша қате деп танылу мүмкін жағдайлар мен жәйттерге тоқталып кетейік.

Біріншіден. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының 231 тармағына сәйкес «231. Конкурстық комиссия мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысуға өтінімдерді веб-портал арқылы олардың конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысында конкурсқа қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап он жұмыс күн ішінде қарайды.»

Тапсырыс беруші, яғни, қалалық дін істері басқармасы мемлекеттік сатып алу конкурсын 2021 жылғы 12 тамыз күні жариялады, өтінім қабылдау мерзімі 2021 жылғы 22 тамыз күні сағат 18:16-да аяқталды. Алайда, аталған конкурстың қорытынды хаттамасы 2021 жылғы 6 қыркүйек күнгі сағат 15:22 де жарияланды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, қорытынды хаттама 2021 жылғы 1 қыркүйек күні жариялану тиіс. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының 231 тармағындағы норма 5 күнге кешігіп, аталған басқарманың немқұрайлығы салдарынан

қорытынды хаттама 15 күннен кейін жарияланып отыр. Заңдылық сақталмаған.

<u>Екіншіден.</u> Конкурстық комиссия өтінім берген өнім берушілердің құжаттамаларын қарау барысында біршама кемшіліктерге, көз жұма қарауға жол берген. Олар:

1. Тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманың айнымас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелігіндегі талаптары: «*10 (Республикалық және жергілікті) газетте 100 мақала жариялау (ішкі беттер 1 мақала 80 ш.см.) келісім шартқа тұру (конкурстық құжаттамада көрсету); 5 сайтта 100 мақала жариялау, келісім шартқа тұру (конкурстық құжаттамада көрсету)»* деп анық көрсетілген. Ал, қалалық дін істері басқармасының конкурстық комиссиясы аталған талапты орындамаған екі әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамасына рұқсат берген. Не себепті? Неге көз жұма қараған? Атап көрсететін болсақ,

«САРЫН» қоғамдық қайырымдылық қоры техникалық ерекшелікте талап етілген 10 республикалық газетпен және 5 сайтпен келісім шарттарды толық жасамаған. Аталған қоғамдық бірлестік, яғни, әлеуетті өнім беруші 5 газетпен ғана келісім-шарт жасасқан және оны конкурстық құжаттамаға бақырайтып тұрып мемлекеттік сатып алу порталы арқылы іледі. Міне ол газеттер.

1. «Замана» ЖШС-нің «Ауырмаңыз» салауатты өмір салты,денсаулық сақтау гезеті
2. «Замана» ЖШС-нің «Замана» қоғамдық республикалық апталық газеті
3. «Әділет Рухани Жаңғыру» газеті
4. «Темірқазық-ой»
5. «Уақыт» Республикалық қоғамдық саяси газеті.

Техникалық талаптағы сұратылған қалған 5 газет пен 5 сайтпен келісім-шарт қайда? Бұл сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдері емес па?

«Алаш жастарының Одағы» қоғамдық қоры болса техникалық ерекшеліктің талабындағы сұралған 10 республикалық газетпен де және 5 сайтпен де бірде-бір келісім шарттарды көрсетпеген. Неге екені түсініксіз, алайда, қалалық дін істері басқармасының конкурстық комиссиясы, яғни, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің құжаттамасын қабылдаған. Бұл сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдері емес па? Немқұрайлық па, әлде, көз қысу, бармақ басу ма?

2. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының 233 тармағына сәйкес «233. Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі;

<u>2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес);</u>

3) егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса));

4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері;

5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

6) жоба белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан, қала) іске асырылған жағдайда - үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі;

7) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі;

8) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы.

Тапсырыс беруші рұқсат берген әлеуетті өнім беруші «Алаш жастарының Одағы» қоғамдық қоры 233 тармағының 2 тармақшасына сәйкес үкіметтік емес ұйымының құрылтай құжаттамасынан **дін саласына қатысты миссиясына қарай бейімділігіне қатыстылығын** таба алмадық.

Бұл дегеніміз Қағиданың 234 тармағына сәйкес «234. 233-тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген өлшемшарттардың бірі бойынша бір баллдан төмен жинаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері жалпы жиналған баллдардың санына қарамастан, конкурсқа қатысуға жіберілмейді.» **конкурстан шеттетіледі.**

3. Тапсырыс берушінің **Қағиданың 233-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы ақпарат** таблицасына толталатын болсақ.

Файл | C:/Users/Admin/Downloads/buy_pi_0906_1520_6172048%20(2).html

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН
1	"Алаш жастарының Одағы" қоғамдық қоры	190340029342
2	"САРЫН" қоғамдық қайырымдылық қоры	170840013648

Қағиданың 233-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы ақпарат:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН	Әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау критерийлері									
			Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі	Тапсырыс берушімен сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі (құрылтайшы құжаттарға сәйкес)	тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі)	Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дереккорында" болуы туралы мәліметтер	Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір критерий ғана алынады)	Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы	Жобаны белгілі бір аума?та (астана, республикалы? ма?ызы бар ?ала, облыс аудан, ?ала) іске асыр?ан жа?дайда – ?кіметтік емес ?йымны? тиісті ??ірдегі ж?мыс т?жірибесі	?леуметтік жобаны ж?не (немесе) ?леуметтік ба?дарламаны іске асыру?а тартылатын мамандарды?** т?жірибесі мен біліктілігі (Мемлекеттік ?леуметтік тапсырыс стандарттарына (?Р ?о?амды?даму министріні? 2018 жыл?ы 15 тамызда?ы № 19 6?йры?ымен бекітілген Мемлекеттік ?леуметтік тапсырыс стандартына с?йкес (?аза?стан Республикасы ?білет министрлігінде 2018 жыл?ы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген)	Жалпы балл	Шартты төмендеудің мөлшері, %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
1	"Ұлт.Рух" ҚБ	180240003640	1	2	3	2	0	0	0	0	8	0
2	"Алаш жастарының Одағы" қоғамдық қоры	190340029342	1	2	3	2	1	2	1	2	14	10
3	"САРЫН" қоғамдық қайырымдылық қоры	170840013648	2	2	3	2	2	4	2	4	21	20

Конкурсқа қатысушылардың шартты бағаларының есебі:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы	БСН (ЖСН) / СЖН/ СЕН	Бөлінген сома	Өнім берушінің бағасы	Шартты жеңілдік мөлшері, %	Шартты жеңілдікті есептегендегі баға	Жұмыс тәжірибесі	Өтінімді берген күні мен уақыты
1	2	3	4	5	6	7	8	9

<u>«Ұлт.Рух» ҚБ.</u>

Кестенің 9 ұяшығы «**Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы**» тапсырыс беруші 0 деген балл қойған. Біздің тараптан конкурстық құжаттаманың айнымас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшілігін толтыру барысында «Ұлт.Рух» қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алу порталындағы Сведения о критериях ұяшығына қоса

ілінген техникалық ерекшелігінің 5-6 беттерінде жазылған техникалық ерекшеліктің 9. тармағына жазған болатынбыз.

Алайда тапсырыс беруші өздеріңіз көріп отырған жоғарыда көрсетілген кестеде «Ұлт.Рух» ҚБ-не жоқ деген яғни «0» балын қойған. Бұл жерде тапсырыс беруші немесе конкурстық комиссия мүшелері «**Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы» критерийін** абайсызда байқамай қалған, не болмаса көрінеу (әдейі) немесе толық құқықтық сауатсыздық салдарынан осындай қателіктерге жол беріп отырған сияқты немесе қасақана жасап отыр. Түпкі ойлары өткізбеу, құлату.

9. Жобаны іске асыру нәтижелерінің тиімділігін бағалау бойынша индикаторлар (өлшемді критерийлер) (сапалық және сандық көрсеткіштер түрінде жобаны іске асыру барысындағы қол жеткізуді талап ететін нақты нәтижелерді сипаттау қажет):



Жобаны іске асыру барысында төмендегі кестеге сай мамандар тартылып, олардың жеке құжаттары мен білімін дәлелдейтін құжаттарын 6 қосымшада қоса тіркеледі.

Әлеуетті өнім беруші растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, осы конкурс (лот) бойынша қызметтерді көрсету мақсатында қажетті өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін білікті қызметкерлер туралы мәліметтерді көрсетеді. (КҚ-ның 6-қосымшасы)

9. Жобаны іске асыру нәтижелерінің тиімділігін бағалау бойынша индикаторлар (өлшемді критерийлер) (сапалық және сандық көрсеткіштер түрінде жобаны іске асыру барысындағы қол жеткізуді талап ететін нақты нәтижелерді сипаттау қажет):

Қысқа мерзімді:

1. электронды және баспа бұқаралық ақпарат құралдарында дін саласындағы мемлекеттік саясатты насихаттау, дәстүрлі құндылықтарымызды насихаттау және діннің өзекті мәселелері бойынша 200 мақала жариялау;
2. 10 (Республикалық және жергілікті) газетте 100 мақала жариялау (ішкі беттер 1 мақала 80 ш.см.) келісім шартқа тұру (конкурстық құжаттамада көрсету);
3. 5 сайтта 100 мақала жариялау, келісім шартқа тұру (конкурстық құжаттамада көрсету);
4. жарияланатын мақалалардың тақырыбы мен мәтінін тапсырыс берушімен келісу;
5. дайындалатын мақалалар Республика аумағында БАҚ-та бұрын жарияланбаған болуы керек;
6. электронды бұқаралық ақпарат құралдарында шыққан жаңалықтармен материалдарды жазып алатын CDR дискілермен қамтамасыз ету;
7. әлеуетті өнім беруші келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 5 жұмыс күннен кешіктірмей, атқарылатын іс-шараның нақты мерзімдері көрсетілген жұмыс жоспарын тапсырыс берушіге келісуге ұсынылуы тиіс;
8. мақалалар жарияланған газеттерді Тапсырыс берушіге ұсыну;
9. сайттарда жарияланған мақалалардың скриншоттарын альбом ретінде дайындап, Тапсырыс берушіге ұсыну;



6. электронды бұқаралық ақпарат құралдарында шыққан жаңалықтармен материалдарды жазып алатын CDR дискілермен қамтамасыз ету;
7. әлеуетті өнім беруші келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 5 жұмыс күннен кешіктірмей, атқарылатын іс-шараның нақты мерзімдері көрсетілген жұмыс жоспарын тапсырыс берушіге келісуге ұсынылуы тиіс;
8. мақалалар жарияланған газеттерді Тапсырыс берушіге ұсыну;
9. сайттарда жарияланған мақалалардың скриншоттарын альбом ретінде дайындап, Тапсырыс берушіге ұсыну;
10. атқарылған іс-шаралардың құжаттарын электронды түрде (сканерленген т.б. 1 хард дискке) тапсырыс берушіге тапсыру қажет;

11. іс-шараның іске асырылу аумағы Шымкент қаласы.

Ұзақ мерзімді:

1. Республикалық газеттерде және интернет сайттарында дін саласындағы мемлекеттік саясатты насихаттау, дәстүрлі құндылықтарымызды насихаттау және діннің өзекті мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу (200 мақала)
2. Тақырыпқа сай мақақалар жазу арқылы Шымкент қаласы тұрғындарын жат ағымдардың ықпалының алдын алуға бағытталған іс-шараларға үлес қосу;
3. Мегаполис тұрғындарына дәстүрлі ислам дінін насихаттау;
4. Шымкент қаласы тұрғындарының діни сауаттылығын ашу;



Ұзақ мерзімді:

1. Республикалық газеттерде және интернет сайттарында дін саласындағы мемлекеттік саясатты насихаттау, дәстүрлі құндылықтарымызды насихаттау және діннің өзекті мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу (200 мақала)
2. Тақырыпқа сай мақалалар жазу арқылы Шымкент қаласы тұрғындарын жат ағымдардың ықпалының алдын алуға бағытталған іс-шараларға үлес қосу;
3. Мегаполис тұрғындарына дәстүрлі ислам дінін насихаттау;
4. Шымкент қаласы тұрғындарының діни сауаттылығын ашу;
5. Конфессияаралық және көпэтносты Шымкент қаласында дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету.
6. Өткізілген іс-шаралар барысында мегаполис тұрғындары қоғамдағы Ұлттық ұстанымдар мен әдет-ғұрыпқа кері әсер етуші іс-әрекеттерден сақтанады және де оның алдын алады.
7. Қазақ халқының дәстүрлі діндер, мәдениет және рухани-адамгершілік мұралары туралы хабардарболады
8. Дін – дәстүрдің таразысы. Ал діни рәсімдерді әдет – ғұрып деп есептеуге болмайды. Салт – дәстүр адамдардың арасында көп әдеттенгендіктен пайда болған дағдылар. Қанша ғасырлар өтіп, қаншалықты қоғам өзгерсе де, діни құндылықтар сол күйі қалады да, ұрпақтан – ұрпаққа өзгеріссіз ауысып отырады. Тек соны саф алтындай сақтап, мөлдір қалпында жеткізе білсек игі.
9. Жоба барысында берілген білім-дағдылар керағар дәстүрлі емес діни ағымдардан сақтануға оң ықпал етеді.
10. Ұлт мұраттарының ұлы байлықтарының бірі – жас ұрпақ, келелі келешек десек, бұл тақырып кеше де, бүгін де күн тәртібінен түспейтін мәселе, ұлтымыздың мақтанышы батыр атамыз Бауыржан Момышұлы «Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы» десе, ақын Олжас Сүлейменов «Адам тағдырын тәрбие шешеді» деп жазды. Бәрі де шындық. Тәрбие кешіктірілсе кешірілмейтін, дұрыс бағыт алмаса, қалпына келмейтін нәзік те, кәделі де сауатты, ағылікті де ізгілікті іс. Адам ұрпағымен ұлы, еңбегімен ерен, келешегімен кемел болса, мұның мөлдір бастауы, алтын тамыры – тәлім – тәрбие ісінде жатыр..
11. «Саясат күнде өзгереді, ал дін –мәңгілік» деп Елбасымыз атап өткендей, қанша ғасырлар өтіп, қаншама қоғамдық формациялар өзгерсе де, діни құндылықтар сол күйі қалады да, ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз ауысып отырады.



тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы» десе, ақын Олжас Сүлейменов «Адам тағдырын тәрбие шешеді» деп жазды. Бәрі де шындық. Тәрбие кешіктірілсе кешірілмейтін, дұрыс бағыт алмаса, қалпына келмейтін нәзік те, кәделі де сауатты, ағылікті де ізгілікті іс. Адам ұрпағымен ұлы, еңбегімен ерен, келешегімен кемел болса, мұның мөлдір бастауы, алтын тамыры – тәлім – тәрбие ісінде жатыр..
11. «Саясат күнде өзгереді, ал дін –мәңгілік» деп Елбасымыз атап өткендей, қанша ғасырлар өтіп, қаншама қоғамдық формациялар өзгерсе де, діни құндылықтар сол күйі қалады да, ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз ауысып отырады.

12. Мамандардың сарапшылардың құзыретін көрсету, қызмет көрсету саласын ұғынатын, қызмет көрсету тиімділігін бағалау құралы негізінде пікірлерін қолдану мүмкіндігі, растау құжаттарын қосымша беру. электронды нұсқасы ҚҚ-ның 6-қосымшада қоса тіркеледі.

13. Әлеуетті өнім берушінің Үкіметтік емес ұйымдар өз қызметі жөнінде мәліметтерді дерекқорға ұсыну туралы мәлімет: «ҰЛТ.РУХ» қоғамдық бірлестігі www. infonpo.gov.kz порталында тіркелген.

«ҰЛТ.РУХ»
қоғамдық бірлестігінің төрағасы **Аманбек Джаймбеков**

«233. Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес);

3) егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және ұлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса));

4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері;

5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

6) жоба белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан, қала) іске асырылған жағдайда - үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі;

7) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі;

8) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі.

Осы жерде Қағида көрсетілген Конкурстық құжаттаманың 12 қосымшасына сәйкес арнайы кесте арқылы бағалау өлшемшарттарына тоқталайық.

ҚҚ-ның 12 қосымшасындағы арнайы кестенің 8 реттік нөмірімен орналасқан ұяғыны «Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы» деп аталады. Ал ұяшықты бағалау өлшемшарттары 4 ұяшықтар тұрады. Яғни 4 өлшемшарт берілген. Өзгеріңіз

көріп отырғандай, 6 балл қойылатын өлшемшарттың «Барлық деңгейлердегі сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер индикаторларының болуы» сұрақтарына өлшемшарттарына сай келетін жазбаны «Ұлт.Рух»қб техникалық ерекшелігінде жазған.

Бұл дегеніміз «Ұлт.Рух» қоғамдық бірлестігіне «0» балл деген. Ол дегеніміз «Ұлт.Рух» қоғамдық бірлестігін 6 баллынан айырып, конкурсқа түсу құқығынан айырып отыр.

8	Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы	0-ден 6-ға дейін	0	техникалық ерекшелікте индикаторлар жоқ
			2	Сандық немесе сапалық индикаторлардың болуы
			4	Сандық және сапалық индикаторлардың болуы
			6	Барлық деңгейлердегі сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер индикаторларының болуы

Конкурстық құжаттамаға
12-қосымша

Әлеуетті өнім берушілер ұсынған техникалық ерекшеліктерді бағалау өлшемшарттары
Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің м.а. 20.08.2019 № 899 (01.09.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Бағалау өлшемшарты	Балл		Балдарды таратып жазу
1	Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігі	0-ден 2-ге дейін	0	Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жоба Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмейді (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді)
			1	Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жоба Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес келеді
			2	Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жоба неғұрлым үздік сипаттамаларды қамтиды
2	Әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне сәйкес келуі	0-ден 2-ге дейін	0	Қызмет мақсаттары Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келмейді (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді)
			1	Қызмет мақсаттары Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне ішінара сәйкес келеді
			2	Қызмет мақсаттары Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келеді
3	Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және нысаны, өткізу орны мен мерзімі, жауапты тұлғалардың тегі аты, әкесінің аты)	0-ден 6-ға дейін	0	Тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары жоқ не конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көзделген барлық талаптарды қамтымайды (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді)
			3	Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде көзделген барлық талаптарды қамтиды
			6	Тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары техникалық ерекшеліктің барлық талаптарын қамтиды және қызмет көрсету сапасын жақсартатын қосымша іс-шараларды көздейді, әрбір жоба тапсырмасында іс-шараның атауын және түрін, мерзімін және өткізу орнын сипаттайды
4	Әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер	0-ден 2-ге дейін	0	Әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" қамтылмайды (сәйкес келмеген жағдайда әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді)
			1	Әлеуетті өнім беруші "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына" мәліметтерді уақтылы ұсынбаған
			2	Әлеуетті өнім беруші "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына" мәліметтерді уақтылы ұсынған
5	Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы (бір өлшемшарт ғана таңдап алынады)	0-ден 6-ға дейін	0	Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болмауы
			1	Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында екі жылды қоса

				алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі
			2	Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы екі жылдан астам бес жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі
			3	Әлеуетті өнім берушінің әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласында бес жылдан астам жұмыс тәжірибесі
			4	Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін ұқсас қызмет нарығындағы екі жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі
			5	Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін ұқсас қызметтер көрсету нарығындағы екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесі
			6	Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін ұқсас қызметтер нарығындағы бес жылдан астам жұмыс тәжірибесі
6.	Жобаны белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс аудан, қала) іске асырған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі *	0-ден 3-ке дейін	0	Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ
			1	Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда екі жылды қоса алғанға дейін жұмыс тәжірибесі бар
			2	Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейін жұмыс тәжірибесі бар
			3	Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда бес жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар
7	Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** тәжірибесі мен біліктілігі (Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына (ҚР Қоғамдық даму министрінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 19 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17314 болып тіркелген)	0-ден 4-ке дейін	0	Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін практикалық жұмыс тәжірибесі мен біліктілігі жоқ немесе мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі сәйкесінше құжаттармен расталмаған
			2	Жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін практикалық жұмыс тәжірибесі немесе біліктілігі бар, олар сәйкесінше құжаттармен расталған
			4	Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) бағдарламаның қызмет түрлеріне сәйкес келетін практикалық жұмыс тәжірибесі мен біліктілігі бар, олар сәйкесінше құжаттармен расталған
8	Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы	0-ден 6-ға дейін	0	техникалық ерекшелікте индикаторлар жоқ
			2	Сандық немесе сапалық индикаторлардың болуы
			4	Сандық және сапалық индикаторлардың болуы
			6	Барлық деңгейлердегі сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер индикаторларының болуы

Конкурс комиссиялары «Ұлт.Рух» қоғамдық бірлестігін шеттету немесе рұқсат берген екі әлеуетті өнім берушілердің («Сарын» қоғамдық қоры, «Алаш жастарының Одағы» қоғамдық қоры) конкурстық құжаттарында орын алған кемшіліктерге көз жұма қарауы салдарынан ба, әлде жылдың аяқталуына 4 ай қалған уақытта «Көз қысты, бармақ бастылыққа салынып» конкурсты өткізу болды ма? Бұның түбі сыбайлас жемқорлықтың зардабына әкелетінін сезбеді ме?

Шымкент қаласы дін істері басқармасының негізсіз уәжбен құжаттамасын қабылдау не қабылдамаудың салдарында басшылықтың діттеген үкіметтік емес ұйымдары өздері бекіткен техникалық ерекшелікке сәйкес келмесе де өткізу керек болды ау, осылайша заң

талаптарын белден басып, сыбайлас-жемқорлыққа жол беруге бағытталды – деген ой келеді.

Сондықтан жымдасқан сыбайлас жемқорлықтың белгілері болуы мүмкін деп пайымдап отырмыз.

Жоғарыдағыларды хабарлай келе, СҰРАНАМЫЗ:

1. Шымкент қаласы дін істері басқармасының мемлекеттік мекемесінің жоғарыда аталған №6172048-1 мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытынды хаттамасын яғни өлшемшарттын қайта қарауды;

2. **Қорытынды хаттамасының қайта қарауға жіберуді қамтамасыз етуді.** «Сарын» қоғамдық қорының Конкурстық құжаттамасында Конкурстың техникалық ерекшелігіндегі талаптарын яғни 10 республикалық газет пен 5 сайтпен **келісім шарттарының болмауы салдарынан конкурстық құжаттамасын қабылдамау (рұқсат бермеу).** «Алаш жастарының Одағы» қоғамдық қорын **Қағиданың 234 тармағына сәйкес** «234. 233-тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген өлшемшарттардың бірі бойынша бір баллдан төмен жинаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері жалпы жиналған баллдардың санына қарамастан, конкурсқа қатысуға жіберілмейді.» «Алаш жастарының Одағы» қоғамдық қорының 233 тармағының 2 тармақшасына сәйкес үкіметтік емес ұйымының құрылтай құжаттамасынан **дін саласына қатысты миссиясына қарай бейімділігіне қатыстылығы болмауы салдарынан конкурстық құжаттамасын қабылдамау (рұқсат бермеу);**

3. Заңдылықтар аясында заңбұзушылықтар анықталған жағдайда осындай іс-әрекеттерге жол берген жауапты тұлғаларға тәртіптік шара көруді, конкурстық комиссия мүшелеріне қолданыстағы заңдылықтың аясында ең жоғарғы тәртіптік шара көруді және айыппұлдар салуды;

4. Қолданыстағы заңға сәйкес шағымдағы әрбір тармаққа жауап жолдауды. Жауапты Aida_06@list.ru электронды поштасына жолдауды;

5. Осы өтініш өңірлік деңгейде шешілмеген жағдайда, жоғары тұрған республикалық уәкілетті органдардың назарына жеткізуге мәжбүрміз.

«Ұлт.Рух» ҚБ төрағасы **А.Джаймбетов**

(электронды қол қойылады)

Орынд: У.Маймакова
Тел: 8 702 125 25 20
E-mail: Aida_06@list.ru